

ЖЕҢІС КҮНІНЕ АРНАЛҒАН САЛТАНАТТЫ ІС-ШАРА

9 мамыр күні Целиноград ауданының Ақмол ауылындағы орталық алаңда Жеңіс күніне арналған салтанатты іс-шара өтті. Бұл — ондаған жылдар өтсе де халықтың ерлігі, қайсарлығы мен рухының мызғымас символы болып қала беретін қасиетті күн. Осы мамыр мерекесінде ауыл тұрғындары Ұлы Отан соғысының батырларын еске алып, бейбіт өмір сыйлаған Жеңіс буынына терең алғыстарын білдіру үшін тағы да бір алаңға жиналды.

Салтанатты жиынды Целиноград ауданының әкімі Дарын Сабырғали өзінің құттықтау сөзімен ашты. Сондай-ақ аталмыш шараға Ақмол ауылдық округі әкімдігінің өкілдері, тыл еңбеккерлері, депутаттар, қоғамдық ұйым мүшелері, жастар, мектеп оқушылары мен ауыл тұрғындары қатысты. Тарихқа деген құрмет пен бірлік рухы әртүрлі буын өкілдерін халық ерлігінің мәңгілік жадысы төңірегіне топтастырды.

Іс-шара Қазақстанның аңызға айналған қаһармандары — Талғат Бигелдинов пен



Рақымжан Қошқарбаев ескерткіштері жанында өтті. Олардың ерлігі Ұлы Жеңіс тарихының ажырамас бөлігіне айналып, бүгінгі жастарға Отанға деген сүйіспеншіліктің, батылдық пен адалдықтың үлгісі болып отыр.

Танертеңнен бастап орталық алаңға халық көп жиналды. Әр адамның жанарынан мақтанышпен қатар сағыныш пен мұң сезілді.

Әсіресе, соғысқа қатысқан жақындарын еске алып, көз жасын білдірмей сүртіп тұрған қарияларды көру жүрекке ерекше әсер етті. Осындай сәттерде соғыстың жай ғана тарих беттері емес, миллиондаған тағдыр, орны толмас қасірет әрі адам рухының ұлылығы екенін терең түсінесің.

Мерекелік көңіл күйге Целиноград ауданы Мәдениет үйінің өнерпаздары дайындаған концерттік бағдарлама ерекше әсер сыйлады.

Сахнадан соғыс жылдарының әндері, патриоттық композициялар мен жүрекке жететін музыкалық қойылымдар орындалды.

Көпшілік таныс әндерді бірге шырқап, өнер иелерін тік тұрып қол соғып қарсы алды. Шынайы өнер мен ортақ естелік бұл күннің рухани мәнін одан сайын тереңдетте түсті.

Бұл күні алаңға келген әр адам үшін Жеңіс күні — жай ғана мереке емес. Бұл — халықтың рухани тірегі, бейбіт өмірдің қаншалықты қымбат екенін ұғындыратын тарихи сабақ. Батырлар ескерткішіне гүл қойған балаларды көргенде, ұрпақтар сабақтастығы ешқашан үзілмейтініне сенім арта түсесің.

Жеңіс әндері шырқалып, батырларға гүл қойылып, жастар соғыс туралы естеліктерді құрметпен тыңдап тұрған кезде — тарих та, халық жады да мәңгі жасай береді. Демек, бейбіт аспан сыйлаған ерлерге деген алғыс та ешқашан өшпейді.

Әлия ХАСЕНОВА,
аудандық Жастар орталығының маманы.

Ақмол.

Esil-Nura

Қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық, жарнамалық басылым

2026 жыл 14 мамыр бейсенбі № 19 (470)

■ Өңір жаңалығы

РОДИНА АУЫЛЫНДА ӘСКЕРИ-ТАРИХИ МУЗЕЙ АШЫЛДЫ



Целиноград ауданының Родина ауылында Қазақстан Республикасы Қарулы күштері Ұлттық әскери-патриоттық орталығы әскери-тарихи музейі филиалының салтанатты ашылуы өтті.

Іс-шара Ұлы Отан соғысы батырларына арналған ескерткішке гүл шоғын қою рәсімімен басталды. Ескерткіште Жеңісті жақындатуға үлес қосқан 130-дан астам ақмолалықтың есімі қашап жазылған. Рәсімге Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрі авиация генерал-лейтенанты Дәурен Қосанов, Ақмола облысының әкімі Марат Ахметжанов, Халық қаһарманы генерал-лейтенант Бақытжан Ертаев, Қарулы күштердің ардагерлері, қоғам өкілдері және өңір тұрғындары қатысты.

Жаңа музей кешені жастарды әскери-патриоттық рухта тәрбиелеу мен тарихи жақты қалыптастыруда маңызды нысанға айналып отыр. Экспозицияда Ұлы Отан соғысы кезеңіндегі қару-жарак пен әскери техника үлгілері, архивтік материалдар, жауынгерлік тулардың түпнұсқалары, сондай-ақ Ақмола өңірінің Жеңісті жақындатуға және елдің дамуына қосқан үлесі туралы баяндайтын жәдігерлер қойылған.

Әскери-тарихи музейдің филиалы «Родина» агрофирмасының бас директоры Иван Сауэрдің бастамасымен және Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің қолдауымен ашылып отыр.

Музейді ашу ісіне Халық қаһармандары армия генералы Мұхтар Алтынбаев, генерал-лейтенант Бақытжан Ертаев, сондай-ақ генерал-полковник Руслан Жақсылықов, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Арман Әсенов және басқа да азаматтар елеулі үлес қосты. Жобаны жүзеге асыру үшін құрамына әскери-тарихи музей қызметкерлері, ауыл тұрғындары мен «Родина» агрофирмасының мамандары кірген жұмыс тобы құрылды. Сондай-ақ, Марат Құсайынов жетекшілік ететін «Мемориалдық аймақ» іздестіру жасағы зор көмек көрсеткенін атап өту керек.

Музейдің негізгі міндеті — келушілерді өңір мен Родина ауылының тарихымен таныстыру, туған өлкенің батырларының есімін мәңгі есте қалдыру, сондай-ақ олардың ерлігі мен жанқиярлығы үлгісінде жастарға әскери-патриоттық тәрбие беру. Музейді ашу барысында заманауи әскери-музейлік кешендерді қалыптастырудағы озық шетелдік тәжірибе ескерілді.

Музейдің ашылу салтанатында сөз сөйлеген Қорғаныс министрі ұрпақтар сабақтастығының ерекше маңызын атап өтті.

— Бүгін біз жай ғана музей емес,

болашақ құрметпен ұрпақ тәу етер тәрбие орнын ашып отырмыз. Мұндай жобалар арқылы жастар бейбіт өмірдің қадірін, аға буынның ерлігін және Отанға қызмет етудің маңызын тереңірек түсінетін болады. Тарих тек оқулықтарда немесе цифрлық кеңістікте ғана болмауы керек, оны көріп, сезіне білу қажет, — деп атап өтті авиация генерал-лейтенанты Дәурен Қосанов.

Ұлттық әскери-патриоттық орталықтың бастығы Арман Әсенов музей ісін дамыту жастардың патриоттық санасын қалыптастырудың маңызды бөлігі екеніне тоқталды.

— Мұндай музейлер балалардың өткен тарихпен танысып, ата-бабаларымыздың ерлігінің нақты айғақтарын көзбен көріп, жүреппен сезінуіне мүмкіндік беру үшін ашылады. Патриоттық сезім өз тарихына, мәдениетіне және аға буынның ерлігіне деген құрмет арқылы қалыптасады. Келешекте осындай музейлер еліміздің барлық ауылдарында ашылуы үшін бар күшімізді саламыз, — деді ол.

Музейге 100-ден астам жәдігер қойылған. Олардың қатарында 1939-1944 жылдары шығарылған 16 әскери техника бар. Атап айтқанда, бронды техника, артиллериялық жүйелер, ұшақ үлгілері, атыс қарулары және әскери тұрмысқа қатысты заттар. Көптеген жәдігерлер бұрын Қарулы күштер әскери-тарихи музейінің қорында сақталған.

Экспозицияның жекелеген бөлімдері ақмолалық батырларға, соғыс жылдарындағы тыл еңбеккерлерінің ерлігіне, сондай-ақ өңір мен Қазақстан Қарулы күштерінің дамуына арналған.

Іс-шара Қазақстан Республикасы Қарулы күштері Ұлттық әскери-патриоттық орталығының шығармашылық ұжымы мен «Жас сарбаз» балалар студиясының өнер көрсетуімен аяқталды.

ҚР Қорғаныс министрлігінің баспасөз қызметі.



■ Тәні саудың – дені сау

ӘКЕЛЕР КҮШ СЫНАСТЫ



7 мамыр - Отан қорғаушылар күні қарсаңында Целиноград ауданына қарасты Қараөткел ауылындағы ІТ «мектеп лицейі» КММ-нің спорт залында волейбол ойынынан әкелер жарысы өткізілді.

«Бұл - елін, жерін жаудан қорғайтын азаматтарға құрмет көрсететін ерекше күн. Шараның басты мақсаты – жастар арасында салауатты өмір салтын насихаттау және әкелердің бірлігін нығайту, ұрпақтарға үлгі көрсету болып табылады», - дейді мектеп директоры Жанзақов Нұрсұлтан Мұратұлы.

Расында да осынау спорттық шараның отбасы құндылықтарын дәріптеп, әкелердің бала тәрбиесіндегі рөлін арттырып, мектеп пен ата-ана арасындағы ынтымақты нығайтып, салауатты өмірді насихаттаудағы маңызы зор екендігі белгілі.

Жарысқа әкелерден құралған барлығы 6 команда қатысты. Олар – 3 сыныптың атынан жарысқа шыққан «Әкелер» командасы. 4 -сыныптың атынан «Жігер», 5-6 сыныптың атынан «Көкжалдар», 7-9 сыныптардың атынан «Арландар», 8 сыныптың атынан «Көк бөрілер» және 10 г сыныбының атынан « Бірлік» командалары өзара сайысқа түсті.

Салтанатты шара білім шаңырағының акт залында болды. Еліміздің Әнұраны шырқалып, мектептің денешынықтыру пәнінің мұғалімі, волейбол құрамасының жаттықтырушысы Қабдрахман Әлішер сөз сөйлеп, жарыс шартын түсіндірді. Сонан соң сап түзеген командалар жарыс өтетін спорт залын бетке алды. Жанкүйерлер қарасы да көп болды. Қолдарына өз командаларының ұранын ұстаған олар спортшыларға ду қол шапалақтап, қошемет көрсетіп

отырды.

Жарыс төрешісі Қабдрахман Әлішер ысқырық шалған соң сайыс шымылдығын «Жігер» және «Көкжалдар» командалары ашты. Екі команда тартысты ойын өрнегін көрсетті. Ретімен кезек басқа командаларға да келді. Спортты серік еткен азаматтар жеңіске жетуге бар күш-жігерлерін жұмылдырды.

Жарыс қорытындысы бойынша 1 орынды «Әкелер» командасы жеңіп алды. Екінші орынды «Жігер» командасы иеленсе, үшінші орынға «Арландар» командасы табан тіреді.

Жарысты тамашалауға келген ата -аналар арасынан сөз сөйлегендер турнирді ұйымдастырушыларға алғыс айтып, тамаша ойын өрнегін көрсеткен командаларға қолдау білдірді.

Р. ҚАДІРЖАН, өз тілшіміз.



■ **Өзекті мәселе**

Мемлекеттік саясаттың басым бағыттарының бірі ретінде шағын жинақты ауыл мектептерін қолдау мәселесі айрықша назарда қала береді. Жарлықты іске асыру аясында Үкімет 2026 жылғы 1 маусымға дейін орта білім беру саласындағы пилоттық жобаны жүзеге асыру және оны кейіннен кеңейту бойынша нақты ұсыныстар енгізуі тиіс.

ШАҒЫН ЖИНАҚТЫ АУЫЛ МЕКТЕПТЕРІНЕ ЕРЕКШЕ НАЗАР

Аталған жаңашылдықтар қала және ауыл мектептері арасындағы білім сапасындағы алшақтықты қысқартуға бағытталған.

Пилоттық жобаға еліміз бойынша 2600-ден астам шағын жинақты ауыл мектептерінің ішінен 500 мектеп қатысады. Бұл нақты жағдайларда ең тиімді цифрлық және жасанды интеллект шешімдерін сынақтан өткізуге, олардың білім сапасына және мектептерді басқару процестеріне әсерін бағалауға мүмкіндік береді.

Пилоттық кезеңнің қорытындысы бойынша тиімді тәжірибелер барлық білім беру жүйесіне кезең-кезеңімен масштабтандырылады. Мұндай тәсіл технологияларды өңірлік ерекшеліктерге, ең алдымен ауылдық аумақтардың нақты қажеттілігіне бейімдеуді қамтамасыз етеді.

Облыстық Ішкі саясат басқармасы.



Хабарландыру

«Родина» Агрофирма ЖШС Ақмола облысы, Целиноград ауданы, Родина ауылындағы «850 басқа арналған бұзау қора құрылысы (Түзету)» жұмыс жобасы бойынша әсер етуге экологиялық рұқсат алу үшін (ҚОҚ бөлімі, ШРН, ҚББ, ӨЭБ, ІС-шаралар жоспары жобалары) ашық жиналыс нысанында қоғамдық тыңдаулар өткізілетінін хабарлайды.

Қоғамдық тыңдаулар 2026 жылғы 18 маусымда сағат 15:00-де Ақмола облысы, Целиноград ауданы, а.о. Родина, а. Родина, Центральная көшесі, 6 (әкімдік ғимараты) мекен-жайы бойынша өтеді.

Сондай-ақ, қоғамдық тыңдаулар Zoom платформасында онлайн режимінде өткізіледі.

Қатысу үшін келесі сілтемеге көшуді сұраймыз: <https://us06web.zoom.us/j/83269758703?pwd=t7SSgtwi1pYYV0eJWwSgm0h0aJqz0j.1>

Конференция идентификаторы: 832 6975 8703

Кіру коды: 963296

Бастамашы: «Родина» Агрофирма ЖШС, Ақмола облысы, Целиноград ауданы, Родина а/о, Родина а., Центральная к-сі, 15. БСН 050540005822.

Жоба әзірлеушісі: «BaiMuga» ЖШС өз қызметін ҚР Қоршаған ортаны қорғау министрлігі, Астана қ. берген 25.01.2024 ж. № 02736Р қоршаған ортаны қорғау саласындағы жұмыстарды орындауға және қызметтер көрсетуге арналған мемлекеттік лицензияға сәйкес жүзеге асырады. БСН 940540002772, Ақмола облысы, Көкшетау қаласы, Абай көшесі, 114в. Электрондық пошта мекенжайы және телефон нөмірі: kazecorpooect2012@mail.ru, 87025897219.

Қоғамдық тыңдау материалдарымен <https://ndbecology.gov.kz> сайтта танысуға болады, сондай-ақ ММ ресми интернет-ресурсында – <https://www.gov.kz/memleket/entities/aqmola-upr?lang=kk>

Ескертулер мен ұсыныстарды «Ақмола облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ мына мекенжайлар бойынша қабылдайды: upr.expertiza@mail.ru, Көкшетау қаласы, Абай көшесі, 89.

Esil-Nura

**Бас редактор
Ж. С. ТҮГЕЛБАЕВ**

Меншік иесі:
«Перне» ЖШС
(Ақмола облысы
Целиноград
ауданы)

Газет редакцияның компьютерлік цехында теріліп, беттеледі.
«Астана Интер-Трейдинг» ЖШС (Астана қаласы, Жұбанов к-сі, 24/1) баспаханасында басылып шығарылды.
Мерзімдік баспасөз басылым, ақпарат агенттігін және желілік басылымды еселке қою туралы N 16264-Г Күзегінін 2016 жылы 23 желтоқсанда Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникация министрлігі берген.
Таралымы – 1000 дана. Тапсырыс-наряд N 91.
Индекс 65821. Газет бейсенбі күні шығады. Көлемі 1 баспа табақ.

Редакция әрбір автордың пікірімен келісе бермейді. Келтірілген деректерге, сондай-ақ хабарландырулар мен жарнамаларға - берген кісілер жауапты.



**Ақмол ауылы Гагарин көшесі, 2
8(716-51) 30-537**

e-mail: vestiakmola@mail.ru

Сайт: vestiakmola.kz

